ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ

ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ

* ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ * ЖАСТАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ *

Қазақстан Республикасы, Алматы, Хан шатыр, 3. e-mail: kazzhastar@mail.ru, тел.: +7 775 919 80 99

Исх. № 912/04 27.04.21 ж.

Алматы қаласы бойынша
Ішкі мемлекеттік аудит
департаментіне

«Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық Қоры *(әрі қарай – Қоғамдық Қор, БСН: 150240026664)*, Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының *(әрі қарай - Басқарма)* goszakup.gov.kz порталында жариялаған *(хабарландыру № 5590697-1, лот №* 39074889-ГС32*, Алматы қаласының дінге сенуші мұсылмандары арасында дәстүрлі рухани сана қалыптастыру және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жұмыстар жүргізу) (әрі қарай - конкурс)* конкурстың қорытынды хаттамасы бойынша төмендегідей келіспеушіліктерімізді мәлімдейміз. **Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, қорытынды хаттаманы қайта қарастыруды сұраймыз.**

3-ДӘЛЕЛ:

«Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық қорына (әрі қарай – Қоғамдық қор) (БСН: 150240026664) қорытынды хаттаманың **Тапсырыс берушімен сатып алынатын қызметке әлеуетті өнім берушінің қызмет мақсатының сәйкестігі (құрылтайшы құжаттарға сәйкес** тармағы (әрі қарай - тармақ) бойынша «1» балл қойылған. Алайда, Қоғамдық қорға бұл тармақ бойынша «2» балл қойылуы тиіс болатын. Себебі, Қоғамдық қордың Қызмет мақсаттары Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келеді.

Мысалы: **Қоғамдық қордың құрылтай құжаттары, жарғысына сәйкес мақсаттары мен міндеттері:**

- Ғылыми, техникалық және мәдени прогрессті дамыту, қоршаған табиғи ортаны қорғау; мәдени-ағарту, спорттық-сауықтыру жұмыстарды жүргізу;
- Мемлекеттік және мемлекеттен тыс мекемелерге, жеке тұлғаларға кеңестік қызметті көрсету және ақпараттық-ресурстық көмек беру;
- Оқу, оқу құжатты, көркем фильмдерін, аудио және видео өнімдерді өндіру;
- Жарнама-ақпарттық қызметті жүзеге асыруға;
- Ғылыми, шығармашылық конференцияларды, концерттерді, симпоизумдарды, семинарларды, тренингтерді, көрмелерді және басқа да қоғамдық маңызы бар, сонымен қатар қайырымдылық іс-шараларды жүргізу;
- Қазақстанда білім беру сапасын көтеруге себептесу

- Ғылыми, шығармашылық конференцияларды, симпоизумдарды, семинарларды, тренингтерді, көрмелерді және басқа да қоғамдық маңызы бар, сонымен қатар қайырымдылық шараларды жүргізу.

2021 жылдың 24 ақпанындағы Қоғамдық қордың жарғысына өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес:
- Бейне-ролик-сұхбаттан, репортаждық элементтерден және ақпараттық материалдардан тұратын жоғары форматты медиапродукцияны дайындауды шығаруды жүзеге асыру.
- **Азаматтардың дәстүрлі-мәдени санасына бағытталған** ақпараттық-насихаттау жұмысын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуге жәрдемдесу.

Тапсырыс берушінің жобасының атауының өзі «Діни экстремизм мен терроризмнің алдын-алу, сондай-ақ Алматы қаласының мұсылман діндарлары арасында дәстүрлі рухани сананы қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізу» деп аталған.

Ал, қоғамдық қордың «**Азаматтардың дәстүрлі-мәдени санасына бағытталған** ақпараттық-насихаттау жұмысын қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуге жәрдемдесу» деп көрсетілген мақсатының өзі - Тапсырыс берушінің сатып алатын қызметтеріне сәйкес келетінін дәлелдейді.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (*әрі қарай - Қағидалар*) 224 – тармағына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурсқа жарғылық мақсаттарына сәйкес қызметін «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі Заңының 5-бабында көзделген бағыттар бойынша жүзеге асыратын **үкіметтік емес ұйымдар** қатысады.

Ал, «Жастарға қолдау көрсету» Қоғамдық қоры жастар саясаты бағытымен ғана емес**,** «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 12 сәуірдегі **Заңының 5-бабында көзделген өзге де бағыттар бойынша қызмет атқаратынын ескерулеріңізді сұраймыз. Және осы Заңның 5-бабында көрсетілген барлық бағыттар Қоғамдық қордың жарғысында қамтылған.**

Біз ұсынған дәлелдерді ескеріп, қорытынды хаттаманы қайта қарастыруды сұраймыз.

Президент **Б.Бақыткелдіұлы**

Орын.: С. Дүйсенбаев
Тел.: +7 775 919 80 99